«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысы білім беру мен ғылымның заманауи бағыттарына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы негізгі стратегиялық және нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламалармен мазмұндық тұрғыда өзара сабақтас. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім берудің басты мақсаты ретінде тұлғаның рухани, адамгершілік және
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

			зияткерлік дамуын қамтамасыз ету айқындалған. Зерттеу болашақ мұғалімнің рухани дүниетанымын кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, осы заңда белгіленген тәрбиелік және құндылықтық басымдықтарды ғылыми тұрғыда негіздейді. Педагогтердің кәсіптік стандарты (24.02.2025 ж. №31) педагог тұлғасының құндылықтық, рефлексивтік және жауапкершілік сапаларын кәсіби құзыреттіліктің құрамына енгізеді. Жоғары білімнің мемлекеттік стандарттары студенттердің тұлғалық дамуы мен рефлексиясын күшейтуді талап етеді. Зерттеу осы талаптарды рухани дүниетанымды дамыту арқылы кешенді түрде жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздейді. Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында адами капиталды сапалық тұрғыда дамыту басым бағыт ретінде белгіленген. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы да білім беру мазмұнында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуды көздейді. Зерттеу болашақ мұғалімдердің рухани

			дүниетанымын дамыту арқылы ұлттық рухани капиталды күшейтуге бағытталған ғылыми негіз болып табылады. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік білім саясатының стратегиялық бағыттарымен, педагогикалық білім беруді жаңғырту міндеттерімен және адами капиталды дамыту басымдығымен толық сәйкеседі.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы диссертация мазмұнында толық әрі дәлелді **ашылған.** *Біріншіден,* зерттеу педагогикалық ғылымда «болашақ мұғалімнің рухани дүниетанымы» ұғымын дербес ғылыми категория ретінде негіздеп, оның құрылымын, компоненттерін және өлшемдік көрсеткіштерін нақтылайды. Бұл ұғымды жалпы тәрбиелік сипатта емес, кәсіби даярлықтың жүйеқұраушы өзегі ретінде қарастыруы - теориялық тұрғыдан маңызды жаңалық. *Екіншіден,* тұлғалық-бағдарлы оқыту рухани дүниетанымды дамытудың мақсатты педагогикалық механизмі ретінде тұжырымдалып, құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған. Модельдің ғылыми негізделуі, логикалық тұтастығы

			және педагогикалық шарттарының айқындалуы зерттеудің әдіснамалық деңгейін көрсетеді. *Үшіншіден,* ұсынылған модель тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, нәтижелері нақты деректермен расталған. Рухани дүниетаным көрсеткіштерінің оң динамикасы зерттеу гипотезасының дәлелденгенін көрсетеді. Зерттеудің маңыздылығы теориялық, әдіснамалық және практикалық деңгейлерде толық ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысының мазмұны құрылымдық тұрғыдан жүйеленген және материал логикалық бірізділікпен ұсынылған. Диссертацияда ғылыми тіл нормалары мен арнайы терминологияны қолдану талаптары сақталған. Теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік талдаулар өзара байланыста қарастырылып, зерттеу логикасының тұтастығы қамтамасыз етілген. Пайдаланылған ғылыми әдебиеттер мен дереккөздер рәсімдеу талаптарына сәйкес беріліп, академиялық адалдық қағидалары сақталған. Қорытындылар нақты деректерге сүйене отырып жасалған және

			ғылыми негізділігімен ерекшеленеді. Жұмыстың мазмұнында авторлық емес материалдарды сілтемесіз пайдалану фактілері анықталмағаны зерттеуші Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның академиялық жауапкершілігін және диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейінің **жоғары** екенін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі педагогикалық білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-мәдени трансформациялар, мұғалім тұлғасына қойылатын жаңа құндылықтық талаптар және кәсіби даярлық мазмұнын ізгілендіру қажеттілігі аясында ғылыми-теориялық тұрғыдан **негізделген.** Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы мақсатты түрде дамыту мәселесі педагогикалық теория мен практика арасындағы қайшылықтарды шешуге бағытталған өзекті ғылыми проблема ретінде дәлелденген.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбының мәнін толық ашып, зерттеудің теориялық, әдіснамалық
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

				және тәжірибелік аспектілерін жүйелі **айқындайды.** Жұмыстың барлық бөлімдері зерттеу тақырыбына сәйкес құрылып, негізгі ғылыми идеяны дәйекті түрде дамытады.
			4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай **сәйкес келеді.** Зерттеудің мақсаты - болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытудың теориялық негіздерін айқындау, модель мен әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатын нақтылап, оның логикалық құрылымын қамтамасыз етеді: негізгі ұғымдарды нақтылау, рухани дүниетанымның құрылымын айқындау, оны дамыту моделін әзірлеу және тәжірибелік тексеру. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация мазмұнымен сәйкеседі.
			1) сәйкес келеді;	
			2) ішінара сәйкес келеді;	
			3) сәйкес келмейді.	
			4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға сай жүйеленген. Теориялық бөлімдер мен тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері өзара логикалық сабақтастықта қарастырылып, қорытындылар зерттеу барысында
			1) толық байланысқан;	
			2) ішінара байланысқан;	
			3) байланыс жоқ.	

			алынған ғылыми тұжырымдармен **толық байланысқан.** Бұл диссертацияның ішкі бірлігінің сақталғанын көрсетеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, **сыни талдау бар.** Автор болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель мен арнайы әдістемені ғылыми тұрғыда негіздеп ұсынған. Диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп, ұсынылған модельдің дәстүрлі құзыреттілікке бағытталған даярлау жүйесінен айырмашылығы мен артықшылықтары айқындалған. Автор әзірлеген технология мен әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденіп, олардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы негізделген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа.** *Біріншіден,* зерттеу аясында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленіп, оны кәсіби даярлықтың жүйекұраушы компоненті ретінде авторлық тұрғыда негіздеу жүзеге асырылған. *Екіншіден,* «рухани дүниетаным», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» және «болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, олардың құрылымдық-компоненттік моделі ұсынылған. *Үшіншіден,* рухани дүниетанымды қалыптастыруға ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар кешенді түрде айқындалып, олардың өзара байланыс механизмі негізделген. *Төртіншіден,* тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде рухани дүниетанымды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, педагогикалық шарттары дәлелденген. *Бесіншіден,* ұсынылған модель мен әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы расталған. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер жүйелі, дербес және тұжырымдамалық деңгейде жаңа сипатта негізделген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	

		1) толығымен жаңа;	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа.** Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытудың теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасы ұсынылып, оның құрылымдық-компоненттік моделі ғылыми негізде әзірленген. Зерттеудің ғылыми жаңалығы - рухани дүниетанымды кәсіби даярлықтың жүйеқұраушы элементі ретінде тұтастай қарастыруында, оны дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауында және авторлық модельдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеуінде. Алынған нәтижелер мен тұжырымдар дербес ғылыми шешімдер ретінде негізделген және бұрынғы зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталған.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық технологиялық шешімдер ұсынылған және **толығымен жаңа.** Зерттеу аясында құрылымдық-мазмұндық модель
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			әзірленіп, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік тетіктері ғылыми тұрғыда негізделген. Ұсынылған технология дәстүрлі мазмұндық бағыттағы даярлау жүйесімен салыстырылып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген. Алынған нәтижелер модельдің болашақ мұғалімдердің рухани-аксиологиялық даярлығын арттыруға ықпал ететінін көрсетеді. Зерттеу жұмысы **толығымен жаңа** техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастыра алған және диссертация мазмұнында ол жеткілікті негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды **дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар ауқымды ғылыми **дәлелдемелерде негізделген.** Зерттеу барысында сапалық (qualitative research) әдістер кеңінен қолданылып, теориялық талдау, педагогикалық бақылау, сауалнама, сұхбат және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелері кешенді түрде сараланған. Алынған деректер SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында

			өңделіп, ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талданған. Автор зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді жан-жақты қарастырып, теориялық тұжырымдарын тәжірибелік деректермен ұштастыра алған. Диссертация қорытындылары педагогикалық тәжірибеде алынған нәтижелермен, эксперименттік жұмыстардың көрсеткіштерімен және сапалық талдаулармен дәлелденген. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары ізденуші Паридинова Ботагоз Жаппаровна жүргізген кешенді теориялық және тәжірибелік зерттеулер арқылы негізделіп, олардың ғылыми дәйектілігі мен практикалық маңыздылығы дәлелденген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми ережелер теориялық талдау және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері арқылы толық **дәлелденген.** Диссертант зерттеуде алынған деректерді ғылыми негіздеп, сенімділігі мен дәйектілігін көрсете алған.

		1) иә;	**7.2 Жоқ.** Қағидаттар тривиалды емес. Өйткені, қғаидаттардың ғылыми жаңалығы дәлелденген. **7.3 Барынша жаңа.** Автордың зерттеулеріне қатысты ұсынған қағидаттары зерттеудің нәтижелеріне негізделген. **7.4 Қолдану деңгейі кең.** Диссертация нәтижелерін жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары, мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесі, тәрбие және оқу үдерісін ұйымдастыруда қолдануға болады. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңарту және педагог кадрлардың рухани-адамгершілік әлеуетін дамыту бағытында кең қолданыс таба алады. **7.5** Ізденуші диссертациялық жұмыс нәтижелерін 26 еңбекте **дәделдеген.** Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорғауға ұсынылған ережелері автордың ғылыми жарияланымдарында көрініс тауып, тиісті ғылыми басылымдарда жарияланған мақалаларда өз дәлелдерін ұсынады.
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең;	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	**8.1 Иә.** Диссертацияда зерттеу әдіснамасы нақты әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қолданылған теориялық және эмпирикалық әдістер жүйелі түрде талданған. Пайдаланылған дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталып, зерттеу мазмұны ғылыми талаптарға сай рәсімделген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) иә;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**8.2. Иә**. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді өңдеу мен талдауда заманауи ақпараттық-компьютерлік технологиялар, статистикалық өңдеу әдістері және ғылыми деректерді интерпретациялаудың қазіргі заманғы тәсілдері тиімді қолданылған. Алынған деректер SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында өңделіп, ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талданған. Бұл зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берген.
		1) иә;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**8.3 Иә.** Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, құрылымдық-мазмұндық модель мен педагогикалық және психологиялық заңдылықтар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде тексеріліп, ғылыми **дәлелденген.** Педагогикалық эксперимент барысында алынған нәтижелер зерттеудің тиімділігін көрсетіп, теориялық қорытындылардың дұрыстығын **растаған.**
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	**8.4** Диссертациялық жұмыста келтірілген негізгі ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар нақты және сенімді зерттеулерге сілтемелермен **расталған.**
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	**8.5** Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті.** Автор 453 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	**9.1** Диссертацияның теориялық маңызын **жоғары** бағалаймын. Диссертацияда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленген. «Рухани дүниетаным», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, олардың құрылымдық-
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			компоненттік моделі ғылыми негізде айқындалған. Зерттеуде жүйелік, тұлғалық, аксиологиялық, мәдениет-танымдық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық тұғырлар біртұтас теориялық жүйеде қарастырылып, болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық қалыптасуындағы рухани дүниетанымның орны дәлелденген. Әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель педагогикалық теорияны толықтырып, болашақ мұғалімдердің рухани дамуын тұлғалық-бағдарлы оқыту аясында қарастырудың жаңа ғылыми негізін ұсынады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	**9.2 Иә.** Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары, болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісі, тәрбие және оқу жұмыстарын ұйымдастыруда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Диссертацияда ұсынылған модель, әдістер мен педагогикалық шарттар білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге бейімделген және олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен дәлелденген. Сондықтан алынған
		1) иә;	
		2) жоқ.	

			нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары** деп бағаланады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	**9.3** Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық шешімдерді қамтиды. Автор әзірлеген әдістемелік кешен, педагогикалық модель және ұсыныстар білім беру тәжірибесіне енгізуге болатын жаңашыл сипатқа ие.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы **жоғары.** Диссертация академиялық жазылым тіліне жатады. Диссертацияны жазу барысында ізденуші академиялық жазылым талаптарын сақтаған. Еңбек ғылыми тілде жазылған, ойларында қайталаулар жоқ.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияның мазмұны, жалпы нәтижелері қойылатын талаптарға сәйкес. Дегенмен, келесі ескертпелерді атап өтуді жөн санаймын: 1. Зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель жан-жақты негізделген.

			Дегенмен, модель компоненттерінің өзара ықпалдасу механизмдерін тәжірибелік бөлімде нақты мысалдар арқылы кеңірек көрсету жұмыстың қолданбалы құндылығын арттыра түсер еді. 2. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының рухани дүниетанымға ықпалы эксперименттік түрде дәлелденгенімен, ұзақ мерзімді әсерін (тұрақтылығын) айқындайтын қосымша мониторингтік деректер келтірілсе, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі күшейе түсер еді. Айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және тәжірибелік құндылығын, алынған ғылыми тұжырымдар және нәтижелердің мәнін төмендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденуші Паридинова Ботагоз Жаппаровна диссертация тақырыбы бойынша жариялаған мақалалары жеткілікті, деңгейі **жоғары.** Зерттеу нәтижелері бойынша 26 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 5 мақала Scopus (Скопус) мәліметтер базасында, 11 мақала - ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енген журналдарда, 8 мақала -

			халықаралық конференцияларда жарияланған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережеңің 28-тармағына сәйкес)		Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекіткен Үлгі ережесінің 28-тармағы талаптарына толықтай сәйкес философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жан-жақты зерттеліп, аяқталған жұмыс болғандықтан Паридинова Ботагоз Жаппаровнаны философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Педагогика және психология факультеті,
Мектепке дейінгі білім беру және
әлеуметтік педагогика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а., PhD

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ / УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ **Булшекбаева А.И.**